# 2008 жылғы 1 маусымдағы сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

## Сақтандыру сыйлықақылары

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 8,8% -ға көп болып, 5 айда 61 167,4[1] млн. теңге болды.

**Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі**

*млн. теңге*

| Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 01.06.2007ж. | | 01.06.2008ж. | | 01.06.2007ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы | үлесі, % | Сомасы | үлесі, % | |
| Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша: | 56 206,7 | 100,0 | 61 167,4 | 100,0 | 8,8% |
| Міндетті сақтандыру | 5 735,3 | 10,2 | 9 628,9 | 15,8 | 67,9% |
| Ерікті жеке сақтандыру | 6 414,5 | 11,4 | 9 257,5 | 15,1 | 44,3% |
| Ерікті мүліктік сақтандыру | 44 056,9 | 78,4 | 42 281,0 | 69,1 | -4,0% |

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 67,9%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 44,3%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю– 4,0%-ды құрады.

**Тї скен саќтандыру сыйлыќаќыларыныѕ ќўрылымы, %**
**Структура поступивших страховых премий, %**




2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны атап өтуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 67,9% (6 542,3 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 23,1% (2 223,6 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына

[1] қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетілген сома

[1] сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,4% (231,4 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 6,6% түскен;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 22,5% (2 081,4 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 52,6% (4 868,3 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 8,9% (820,0 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 16,1% (1 487,0 млн. теңге) болып келеді;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 12,1% (5 136,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 41,5% (17 539,8 млн. тенге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 28,6% (12 094,3 млн. теңге) және басқалар бойынша – 17,8% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

*млн. теңге*

| Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі | 1.06.2007ж. | | 1.06.2008ж. | | 1.06.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы | үлесі, %-бен | Сомасы | үлесі, %-бен | |
| Барлығы сақтандыру салалары бойынша | 56 206,7 | 100,0 | 61 167,4 | 100,0 | 8,8% |
| Өмірді сақтандыру | 1 824,3 | 3,2 | 2 307,0 | 3,8 | 26,5% |
| Жалпы сақтандыру | 54 382,4 | 96,8 | 58 860,4 | 96,2 | 8,2% |

**«Өмірді сақтандыру» саласы.** 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 307,0 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 26,5%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2007 жылғы 1 маусымда 3,2%-ға қарсы 3,8% болды.

**«Жалпы сақтандыру» саласы.** «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша 2008 жылғы қаңтар-мамыр айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 58 860,4 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы осыған ұқсас кезеңге қарағанда 8,20% -ға көп.






**Қайта сақтандыру**

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 29 243,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 47,8%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 39,7%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 10 063,5 млн. теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 5 226,9 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

| **Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары** | **1.06.2007ж.** | | **1.06.2008ж.** | |
|---|---|---|---|---|
| | **Сомасы** | **жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен** | **Сомасы** | **жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен** |
| Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде | 28 783,9 | 51,2 | 29 243,5 | 47,8% |
| резидент еместерге | 20 269,0 | 36,1 | 24 274,3 | 39,7% |
| резиденттерге | 8 514,9 | 15,1 | 4 969,2 | 8,1% |
| Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған | 2 122,8 | 3,8 | 5 226,9 | 8,5% |

**Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам**




Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 95,8%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,4%, міндетті сақтандыру бойынша – 3,8% болды.

## Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың бес айы ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,1 есе өсіп, 23 744,2[2] млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 3,3% (793,6 млн. теңге) болып отыр.

[2] қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетілген сома

*млн. теңге*

| Сақтандыру төлемдері Страховые выплаты | 1.06.2007ж. | | 1.06.2008ж. | | 1.06.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен Изменение по сравнению с 1.06.2007г. |
|---|---|---|---|---|---|
| | сомасы сумма | үлесі, % доля, % | сомасы сумма | үлесі, % доля, % | |
| Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша: | 11 310,9 | 100,0 | 23 744,2 | 100,0 | 2,1 есе |
| Міндетті сақтандыру | 2 094,9 | 18,5 | 3 151,6 | 13,3 | 50,4% |
| Ерікті жеке сақтандыру | 1 398,4 | 12,4 | 3 083,8 | 13,0 | 2,2 есе |
| Ерікті мүліктік сақтандыру | 7 817,6 | 69,1 | 17 508,8 | 73,7 | 2,2 есе |

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 59,3% (1 868,4 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 33,7% (1 062,9 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 3,2% (99,6 млн. тенге) және басқалар бойынша - 3,8 % болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 76,0% (2 344,0 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 11,6% (358,0 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,6% (266,7 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 3,7% (115,1 млн. теңге) болды;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – 88,2% (15 444,7 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 6,2% (1 083,5 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 0,6% (110,1 млн. теңге), басқалар бойынша – 5,0% болды.



2008 жылдың бес айына жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 65,0% -ы болды.

## Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 43 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокерлері және 49 актуарийлер лицензияланған қызметті жүзеге асырды.

| Сақтандыру секторының институционалды құрылымы | 01.06.2007ж. | 01.06.2008ж. |
|---|---|---|
| Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде: | 40 | 43 |
| өмірді сақтандыру бойынша | 5 | 8 |
| Сақтандыру брокерлерінің саны | 12 | 12 |
| Актуарийлер саны | 37 | 49 |

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 148,2 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

| Қаржы көрсеткіштері | 1.06.2007ж. | 1.06.2008ж. | 1.06.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---|---|---|---|
| Жиынтық активтер | 152 347,6 | 266 491,1 | 74,9% |
| Міндеттемелер | 60 683,5 | 118 327,1 | 95,0% |
| оның ішінде сақтандыру резервтері | 50 896,8 | 101 439,2 | 99,3% |
| басқа да міндеттемелер | 9 786,7 | 16 887,9 | 72,6% |
| Меншікті капитал (баланс бойынша) | 91 664,1 | 148 164,0 | 61,6% |

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 маусымда 266 491,1 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 маусымдағы осындай көрсеткіштен 74,9%-ға көп, оның ішінде:

*млн. теңге*

| Активтер | 1.06.2007ж. | | 1.06.2008ж. | | 1.06.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сомасы | үлесі, %-бен | Сомасы | үлесі, %-бен | |
| Қолма-қол ақша | 5 414,5 | 3,6 | 6 398,4 | 2,4 | 18,2% |
| Орналастырылған салымдар | 36 109,1 | 23,7 | 77 972,1 | 29,3 | 2,2 есе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бағалы қағаздар | 74 571,6 | 48,9 | 75 948,7 | 28,5 | 1,8% |
| «Кері РЕПО» операциясы | 13 230,9 | 8,7 | 27 103,0 | 10,2 | 2,0 есе |
| Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары | 12 751,4 | 8,4 | 21 840,3 | 8,2 | 71,3% |
| Негізгі қаражат | 3 724,3 | 2,4 | 4 354,9 | 1,6 | 16,9% |
| Қайта сақтандыру активтері | - | - | 40 027,1 | 15,0 | - |
| Басқа дебиторлық берешек | 3 321,7 | 2,2 | 7 823,2 | 2,9 | 2,4 есе |
| Басқа активтер | 2 900,5 | 2,1 | 5 023,4 | 1,9 | 73,2% |
| Активтер жиынтығы | 152 347,6 | 100,0 | 266 491,1 | 100,0 | 74,9% |

**Міндеттемелер.** 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 118 327,1 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 95,0% -ға көп болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі қолданыстағы сақтандыру қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету 101 439,2 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 маусымда қалыптасқан резервтер көлемінен 99,3%-ға көп.

**Активтердіs , меншікті капиталдыs жj не саќтандыру резервтерініs динамикасы млрд. тес ге**

**Динамика активов, собственного капитала и страховых резервов, млрд. тенге**




## Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 46,4%-ы және сақтандыру төлемдерінің 62,1% -ы келеді.

| Сақтандыру рыногының жиынтықты көрсеткіштерінің үлесі, %-бен | 01.06.07 | 01.06.08 |
|---|---|---|
| Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары | 56,0 | 46,4 |
| Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары | 80,7 | 68,6 |

| | | |
|---|---|---|
| Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері | 72,0 | 62,1 |
| Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері | 85,4 | 82,4 |
| Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері | 48,9 | 52,6 |
| Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы | 52,0 | 55,5 |

## Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

| | **01.06.2007ж.** | **01.06.2008ж.** |
|---|---|---|
| **ЖІӨ млрд. теңгемен, ВВП, в млрд. тенге** | 12 464[3] | 15 046,7[4] |
| Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатысы %-бен | 0,45[5] | 0,41 |
| Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатысы %-бен | 0,74 | 0,98 |
| Активтердің ЖІӨ-ге қатысы %-бен | 1,22 | 1,77 |
| Сақтандыру сыйлықақыларын жан басына шаққандағы қатысы, теңгемен,[6] | 3 674 | 3 939 |

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

[3] - Статистика агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша

[4] - 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетік жоспарлау министрлігі болжамды деректері

[5] - 2007 жылғы қаңтар-мамыр айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

[6] - Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы -15 527 649 млн.адам